

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1286 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 1286 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Қазақстан Республикасының ішкі нарығын жеміс-көкөніс өнімінен молықтыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 шілдедегі № 592 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 24, 278 -күжат):

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қырғыз Республикасының және Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан Қазақстан өңірлеріне жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын жеміс-көкөніс өнімі бар автоколонналарды жол-патрульдік полицияның бірге алып жүруін қамтамасыз етсін;"

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.01.2024 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы № 1210 қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларында:

13-кестеде – Пайдаланудың ерекше жағдайлары ескерілетін K_i , мәндері:

аталған кестеге ескертпенің 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әлуатті құрылымдардың кезекші бөлімдерінің, жол-патрульдік полициясы бөлімшелерінің, орталықтандырылған күзет пульттерінің ұстау топтарының автомобильдері, патрульдік полицияның патрульдік автомобильдері үшін жанар-жағармай материалдары шығыстары мен автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормалары 10 %-ға ұлғайтылады."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК